



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## 8D01104 – Білім берудегі менеджмент ағылшын тілінде

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Жаһандану және интернационализация жағдайында отандық және әлемдік педагогикалық ғылымның дамуының қазіргі беталыстары мен заңдылықтарын білетін, когнитивтік, ғылыми және зияткерлік әлеует негізінде ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға, жаңа білім беру технологияларын әзірлеуге дайын PhD докторларын даярлау

### КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

- ғылыми-педагогикалық іс-әрекет, білім беру ұйымдарындағы, біліктілікті арттыру саласындағы жұмыс;
- білім беру жүйесі ҒЗИ ғылыми қызметкері;
- оқу әскери ұйымдарында, ПМ ұйымдарында, консалтингтік компанияларда педагог-психолог;
- педагогика және психология оқытушысы;
- әкімшілік органдардағы маман (Білім және ғылым министрлігі, қалалық және облыстық білім басқармасы департаменттері, әкімдіктер жанындағы);
- түрлі ұйымдардың кадр бөлімінде, жұмыспен қамту, білім беру саласындағы кадрларды даярлау және қайта даярлау саласында менеджер;
- түрлі психологиялық қолдау, әлеуметтік бейімдеу және оңалту орталықтарында, білім беру орталықтарында педагог-психолог және т. б.;

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН 1** – психологиялық-педагогикалық зерттеулер мен пәнаралық контексте іргелі білімдерін көрсетеді; арнайы ғылыми саланың шекарасын кеңейту үшін жаңа тұжырымдамалық идеяларды жинақтайды; адамзаттың жаһандық әл-ауқаты мүддесінде сындарлы іс-әрекеттерді зерттейді және қабылдайды;

**ОН 2** – көптілді, көп мәдениетті ғылыми ортада мемлекеттік және халықаралық ынтымақтастық шеңберінде коммуникацияны жүзеге асырады, педагогикалық зерттеу нәтижелерін түсіндіреді; цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолданады;

**ОН 3** – психологиялық-педагогикалық ғылым мен жоғары кәсіптік білім беру мәселелерін шешудің жүйелі, синергетикалық тәсілдерінің әдіснамасын меңгерген;

**ОН 4** - академиялық мәтіндерді рәсімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес әзірлейді, академиялық жазудың барлық стильдерін меңгерген; зерттеушінің академиялық адалдығын, әдіснамалық мәдениетін көрсетеді;

**ОН 5** – білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушылардың әртүрлі санаттарына арналған бағдарламалар әзірлейді; дамытушы білім беру ортасын құруға ықпал етеді, мониторинг және бағалау жүргізеді;

**ОН 6** – жоғары кәсіптік білім беру психологиясы мен педагогикасы тұрғысынан әлеуметтену проблемаларын зерттейді;

**ОН 7** – ұлттық және халықаралық деңгейде ғылыми және кәсіби қызмет нәтижелерін жобалайды, бейімдейді, енгізеді және оған жауапты болады;

**ОН 8** – білім беру, оқу-әдістемелік құжаттама саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар бойынша білімін қолданады;

**ОН 9** – жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін бағдарламаларды, әдістемелік материалдарды дербес әзірлейді;

**ОН 10** – кәсіби дамудың акмеологиялық негіздері саласындағы білімдерін көрсетеді және акметехнологияларды практикалық қызметте қолдана алады;

**ОН 11** – бағалауды жүзеге асырады және қоғамның сандық, технологиялық, Әлеуметтік және мәдени дамуын академиялық және кәсіби тұрғыда ілгерілетуге жәрдемдеседі.

**ОН 12** – халықаралық тәжірибені талдайды және бағалайды. Ақпаратты пайдалана біледі және диалог жүргізе алады, ынтымақтастық пен әлеуметтік серіктестікке дайын екендігін білдіреді және өз бетінше жаңа білім алуға және оны түрлендіруге қабілетті.